

«Бекітемін»
«Жансая» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі *Г.Ж.Карабаева*

«Түркістан облысы білім басқармасының Төлеби ауданы білім бөлімінің
«Жансая» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
2024-2025 оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

31.08.2024 жылғы педагогикалық кеңесте қабылданды
№1 хаттама

МАЗМУНЫ

Ақпараттық анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар.

Талдау бөлімі

2024-2025 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

БЛОК 1

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту

1.2. Аттестаттауға дайындық және аттестаттау.

1.3. Педагогикалық кадрлардың өз білімін жетілдіру бойынша тақырыптар тізімі

БЛОК 2

Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы

2.1. Шығармашылық топтардың жұмысы

2.2. Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

2.3. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;

2.4. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;

2.5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;

2.6. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу

2.7. Семинарлар, практикумдар, консультациялар, шеберлік сыныптары және басқа да әдістемелік жұмыс түрлері

2.8. Жас мамандармен жұмыс

2.9. Ашық есік күні

2.10. Инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу. Жоба

2.11. Эксперименттік әрекетке қатысу

2.12. Әдістемелік кабинеттің жұмысын ұйымдастыру

2.13. Конкурстар

2.14. Көрмелер

2.15. Экскурсиялар

2.16. Спорттық іс-шаралар жоспары

2.17. Шынықтыру сауықтыру шаралары

2.18. Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары

БЛОК 3

Әлеуметпен жұмыс:

3.1. Ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары.

БЛОК 4

4.1. Мектеппен сабақтастық

БЛОК 5.

5.1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары.

БЛОК 6.

6.1. Бақылау және басшылық

БЛОК 7.

Әкімшілік жұмыс. Ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету.

7.1. Мектепке дейінгі ұйымының материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыс жоспары.

7.2. Медициналық жұмыс

Бөбекжайдағы 2024-2025 оқу жылына сауықтыру іс-шаралар жоспары

Ақпарат анықтама
Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

Төлеби ауданы білім бөлімінің «Жансая» бөбекжай-бақшасы МКҚК Ленгер қаласы А.Байтұрсынов көшесі №42/А құрылыс мекенжайында орналасқан.

Бөбекжай аумағы 4,800 м² соттық жерді алады.

Аталған бөбекжайда 4 топтық бөлме, сондай-ақ, педагог-психолог, логопед кабинеттері жұмыс жасайды.

Бөбекжайда асхана, кір жуатын орын, койма орналасқан.

Бөбекжай аумағы гүлзарларында гүлдер, жеміс ағаштары отырғызылып, көгалдандырылған және әр топтың серуендеу алаңдары әткеншектермен, құмсалғыштармен, төбешіктермен жабдықталған. Бөбекжай күніне 9 сағат жұмыс істейді.

Сенбі, жексенбі күндері демалыс.

Байланыс телефондары: 6-45-19

Топтарды жас бойынша жинақтау:

Бөбекжайның қуаттылығы 100 баланы құрайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай – 4 топ жұмыс істейді.

Мемлекеттік тілде оқытатын топтар саны-4

Оның ішінде:

Ортаңғы топ - 2

Ересек топ – 1

Мектепалды топ-1

№ р/с	Тобы	Педагогтар мен тәрбиешілердің аты-жөні	Біліктілік санаты	Білімі
1	Мектепалды топ «Достық» тобы	Сулейманова Камилла Муллахмедовна	29.08.2024ж Педагог-модератор	Жоғары
		Аширова Айман Қырықбайқызы	31.08.2023ж Педагог-модератор	Жоғары
2	Ересек топ «Аққанат» тобы	Мырзахметова Айгерім	29.08.2024ж Педагог-модератор	Жоғары
		Қуттыбай Аида Нурланқызы	31.08.2023ж Педагог-модератор	Жоғары
3	Ортаңғы топ «Сұңқар»тобы	Серикбаева Назира	29.08.2024ж Педагог-модератор	Жоғары
		Бестенова Ляззат Калаубековна	31.08.2023ж Педагог-модератор	Жоғары
4	Ортаңғы топ «Балапан»тобы	Каринбаева Назерке Есенбайқызы	01.09.2021ж Педагог-модератор	Жоғары
		Асильбекова Гулзинат	29.08.2024ж Педагог-модератор	Жоғары
5	Музыкалық жетекші	Токбаев Керимбек Оманович	29.08.2024ж Педагог-модератор	Орта
6	Педагог-психолог	Аханова Ақмарал Сейдуалықызы	27.12.201ж Педагог-модератор	Жоғары
7	Логопед	Тұрлыбек Балжан Ережепқызы	12.08.2024ж Педагог-модератор	Жоғары

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар

Түсіндірме жазба

МДҰ жылдық жоспары - бұл мекеменің ерекшелігін, оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық жабдықталуын ескере отырып, білім беру мекемесінде оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құжат.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар тізімі

№	Құжаттың атауы	Берілген құжаттардан шығатын нұсқаулар
	ҚР Конституциясы Жаңа баспада	Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының барлық педагогтарына жаңа мемлекеттік стандарт бойынша жұмыс жасауларын қамтамасыз ету; жаңа стандарттың шарты бойынша баланың дамуына мониторинг жүргізу; ата-ананы білім мен біліктілікті меңгеруіне жағдай тугызып қамтамасыз ету, жаңа стандарт бойынша ескерілген, және оларды тәрбиелік-білім процессіне тарту. Педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын аттестаттауға дайындау.
	Еңбек кодексі	Педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын аттестаттауға дайындау
	«Қазақстан Республикасының білім туралы» заңы. Соңғы өзгертулер мен толықтырулармен	Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін барлық қажетті материалдық-техникалық жағдайын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.
	«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң соңғы өзгертулер мен толықтырулар	Балаларлардың денсаулығын қорғау, даралық құқығын, өз пікірін білдіру құқығын, ұждан бостандығын, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуды қамтамасыз ету.
	«Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңы соңғы өзгертулер мен толықтырулар	Еңбек шарты: ұғым, тараптар. Еңбек шартының мазмұны мен мерзімдері.
	Қазақстан Республикасында білім дамуының бағдарламасы 2020 – 2025 ж.	Жеке бас мәдениетінің негіздерін, мемлекеттік тілді үйрету, мектепте оқу үшін қажетті дағдыларды үйрету; балаларды эмоционалды және интеллектуалды дамыту, физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және оларды нығайту. Мектепте оқытудың тең шарттық шарттарын жасау мақсатында мектепке дейінгі дайындық бағдарламасын бес жасар сәбилер бөбекжай негізінде қамтиды.
	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт 2022ж. 03. 08. №348	Мемлекет білім берудің бәріне міндетті стандарттарды орнатады. Кез-келген оқу орындардың қызметі сол стандарттарға сәйкес келуі керек.
	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың типтік оқу бағдарламасы 2022ж. 14.10.№422	Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесі қамтамасыз етуді. Бағдарлама мектепке дейінгі білімді отандық және шетелдік ғылымның тәжірибе жетістіктерін есептеумен дайындалған. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың міндеттерін тәрбиенің, дамытудың және білім берудің бірлігін қамтамасыз етеді.

<p>2025ж. дейін білім дамуының тұжырымдамасы.</p>	<p>Барлық балаларларды әлеуметтік жағдаяттан және өмір сүріп жатқан мекен - жайына тәуелсіз мектепке дейінгі ұйымдармен ерте қамту; Бес жасар балаларларды мектепке дейінгі дайындықпен толық қамтуды қамтамасыз ету; Оқыту бағдарламасының жетістігі мектепке дейінгі және бастауыш мектептерінде баланы жалықтырып жібермеу мақсатымен оңтайлы жүктеме және салауатты өмір салтының құндылықтарын, денсаулықты нығайтуды қамтамасыз ету; Бала ұйымдастыру іс-әрекетті менгеруі үшін қажетті жеке басының сапаларын қалыптастыру;</p>
<p>«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»</p>	<p>Мемлекет бәріне міндетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орнатады, біз соған сүйене отырып сау ұрпақ өсіріп, тәрбиелеуіміз керек. Кез-келген оқу орындарының қызметі сол стандарттарға сәйкес келуі керек.</p>

Аналитикалық бөлім

2024-2025 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Материалдық-техникалық базасы

«Жансая» бөбекжайының материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Бөбекжай орталық жылу және су жүйелеріне қосылған. Аймақ жөнделген және қоршалған, әрбір топтың жабдықталған өз алаңдары бар.

Бөбекжай жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту,

креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған. Осы идеяларды, жүзеге асыру мақсатында бөбекжайда мемлекеттік рәміздер стенді, киіз үй түрінде орындалған «Ұлы даланың жеті қыры» стенді, этнопедагогика кабинеті бар.

Дамытушы орта эстетикалық, санитарлық-гигиеналық, психология-педагогикалық, материалдық – техникалық комплекстеріне сәйкес.Топтарда балалардың өмірін қамтамасыз етуге жағдай жасалған: кимылды ойындарға атрибуттар, спорттық құралдар, дамытушы ойындар, қуыршақ театры мен сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары бар. Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік –дамытушы ортасы құрылған.

р/с	Тәрбие – білім процесін ұйымдастыруға арналған бөлме жайы	Кабинетті жабдықтандыру
1	Психолог бөлмесі	толық
2	Логопед бөлмесі	толық

Биылғы оқу жылында бөбекжай өз алдына бірқатар міндеттерді қойды:

- Ұйымдастырылған іс-әрекетте және күнделікті өмірде ойын әрекеті арқылы баланың өзін тануға деген қызығушылығын арттыра отырып, өзін-өзі жетілдіруі мен физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу, қабілеттерін ашу, адамгершілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
- ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- мектепке дейінгі білім беру мекемесі тәрбиешісінің кәсіби құзіреттілігін дамыту.

III. Педагогтар туралы мәлімет

Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысында 8 педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар, Ұя өткізу әдістемесін біледі. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

5 жылға дейін	5 жылдан астам	10 жылдан астам	15 жылдан астам	20 жылдан астам
1	6	0	1	0

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагогтар саны	жоғары	%	Мектепке дейінгі жоғары	%	Арнаулы орта	%	Мектепке дейінгі орта	%
8	8	100%	8	100	0	0	0	0

Біліктілік санаты бойынша:

Жалпы педагогтар саны	Педагогтар саны										
	Жоғары санат	Педагог-зерттеуші	%	1 санат	Педагог сарапшы	%	2 санат	Педагог модератор	%	санатсыз	%
11	0	0	0	0	4	0		11	100	0	0

Мектепке дейінгі ұйымда санаты бар педагогтардың үлесі біліктіліктің қажетті деңгейіне сәйкес, сонымен қатар санатсыз педагогтар, жаңадан оқуға түскендер, еңбек өтілі жоқ жас мамандар бар.

Жас мамандармен көптеген әдістемелік жұмыс жүргізілді. Тәрбиешілер әрқашан өз білімдерін жетілдіріп, біліктілік көтеру курстарынан өтіп, аттестациядан өтуге ұмтылады. Өздерінің кәсіптік деңгейлерін тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды, әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, бір-бірімен ақылдаса көтеріп отырады.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Біліктілігін жетілдіру курстарының деңгейі		
		республикалық	облыстық	қалалық
2023-2024	11	0	11	2

Педагогикалық кадрларды дұрыс орналастыру білім деңгейі мен еңбек өтілі бойынша қарастырылады. Педагогикалық кадрлардың сұрақтары педагогикалық кеңес пен өндірістік жиналыстарда қаралады.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық ұжымның жұмысына ізденіс, жаңа мазмұн енгізе отырып, оқу-тәрбие үрдісін іске асыру көзделген болатын сол мақсатта педагогтармен көптеген жұмыстар жүргізілді.

IV.Топтарды қалыптастыру.

Оқыту және тәрбиелеу тілі : қазақ «Жансая» бөбекжайында 4 топ жұмыс жасайды. Жалпы бала саны-100. Топтардың жалпы санынан -мемлекеттік тілде оқытатын 4 топ, оның ішінде 100 бала.

Мектепалды дайындық топ саны - 1 , соның ішінде - 1 мемлекеттік тілде оқытатын топтар. Мектепалды дайындықпен 25 бала қамтылды.

Бөбекжай балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталған. Бөбекжайда қажетті дидактикалық материалдар, әдістемелік оқулықтар, үстел үсті баспа ойындары, интерактивті такта бар.

V.Қатысымы, ауру-сырқауы

Балалармен денсаулық сақтау және нығайту шаралары жылдық жоспар бойынша уақытында ұйымдастырылып және өткізіліп отырады. Жүргізілетін денсаулық сақтау жұмыстарын медбике мен әдіскер бақылайды. Осы жүйелі сауықтыру шараларының нәтижесінде балалардың ауырған күндері азайды, қатысымдары жақсарды, жие ауыратын балалар саны азайды.

VI.Мектеппен байланыс:

Баланы оқыту барысында, баланың ой танымын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде дамуына педагог тұрғысынан қолдау көрсету аса қажет. Балалардың бөбекжайдан, мектепке өтуі тәрбиеші мен мұғалімнің бірлескен жұмысы болып табылады. Біздің бөбекжай №3 «П.Тәжібаева» атындағы жалпы білім беретін мектебімен бірлесіп жұмыс жасап келеді. Осы уақыт аралығында мектеп ұжымымен іскерлік, әріптестік қарым-қатынас орнады.

Оқу жылының басында №3 «П.Тәжібаева» жалпы білім беретін мектебімен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Психолог даярлық топтарының балаларымен олардың ақыл-ой дамуының, психологиялық дайындығын анықтау мақсатында түрлі тренингтер мен жаттығулар өткізді. Мектеп педагогтары «Біз мектепке барамыз» атты ата-аналар жиналысына шақырылды және ата-аналарға қызықты сұрақтарға жауап берді.

Бөбекжай мен мектептердің бірігіп жасаған жұмыстары балалардың бір сатыдан екінші сатыға көтерілуі үшін және де, балалардың жаңа ортаға жеңіл бейімделуі үшін қажет.

VII. «Тіл туралы» Заңның орындалуы

Бөбекжайда «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заңын тарату бойынша жұмыстарға үлкен көңіл бөлінеді. Бөбекжайдағы барлық құжаттар екі тілде жүргізіледі. Орыс тілінде оқитын топтардың ата-аналар бұрыштары, жылжымалы папкалары, бірінші беттері, құжаттары екі тілде жүргізіледі. Орыс тілінде оқытатын топтарда қазақ тілі пәнін Әскербек А.Б. жүргізеді: білімі-жоғары, мамандығы: «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі». Тілдер күніне қазақ тілі мұғалімі «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» атты мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырды. Қазақ тілі кабинеті дамытушы ойындар, қазақ халқының бұйымдарымен әдемі етіп безендірілген.

Бөбекжайдағы өзге ұлт өкілдерінің тілдерін дамытып, өзара қазақша сөйлеу білу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі. Республика күніне арналған «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: ел тарихына қызығушылықты дамыту, азаматтық сезімді, патриотизмді және өз Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Тәрбие сағатын Әнұранмен бастап, балалар Қазақстан Республикасы жайлы әртүрлі суреттер, қазақтың салт-дәстүрлері, ұлттық ойындарын ойнау арқылы көптеген мәліметтерді ала білді. Атап өтсек: «Кілемді әсемде», «Киіз үй» ләпбугі, үстел үсті: «Оюларды сәкестендір», «Көлеңкесін тап», «Оюлар пазлы» ойнады.

VIII. Денсаулықты нығайту шараларын талдау

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында бөбекжайда барлық жағдайлар жасалған, топтағы дене шынықтыру бұрыштары спорттық құралдармен, дәстүрлі емес құрал-жабдықтармен толықтырылған, уақытында сауықтыру және шынықтыру іс-шаралары жүргізіліп, санитарлық-гигиеналық тәртіп сақталады.

Ұжымдағы басты мақсат- балалардың денсаулықтарын нығайту, қауіпсіздігін қалыптастыру. Осы мақсатта бөбекжаймызда, медициналық бөлме, сауықтыру кабинеті, изолятор бар.

Таңертеңгі жаттығу, дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті, серуендер, сауықтыру шаралары, мезгілімен қажетті уақытында өткізіліп тұрады. Барлық жұмыстар үш бағытта жүргізіледі: ата-аналармен, балалармен және педагогтармен. Топтарда ата-аналарға кеңестер беріліп, бұрыштарға альбомдар, жылжымалы папкалар қойылды. Салауатты өмір сүруге бейімдеу мақсатында: «Денсаулық еліне саяхат», «Көңілді доптар», «Қош келдің, Наурыз!» (қазақ ұлттық ойындар ойнату), «Дені саудың-жаны сау», «Қарлы алаңда» сауықтыру шарасы, «Майтабандылыққа қарсы» атты спорттық шара т.б. көптеген салауатты өмір салтын насихаттауға байланысты түрлі шаралар өткізілді.

Қазақтың ұлттық ойындары дене шынықтыру нұсқаушылары және тәрбиешілер балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыра отырып «Ат жарыс», «Теңге алу», «Арқан тартыс», «Ханталапай – асық ату», «Тақия», «Қол күрес», «Қыз қуу» қимылды ойындарын ұйымдастырды. Балаларға ұлттық ойындар қатты ұнады және де оларды қызыға ойнады. Бұл ойындар арқылы балалар батырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиеленді.

IX. Ата-аналармен жұмыс:

Бөбекжайда толыққанды тәрбие беру үшін ата-анамен ұжымның бірлескен қарым-қатынасы аса маңызды сол себепті педагогтар ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасауды алдын ала жоспарлайды.

Ата-ананың сеніміне кіріп, тығыз қарым-қатынаста болып жағдайларын қарастырып жыл бойы бірлескен жұмыс түрлерін ұйымдастырады Тығыз қарым-қатынастың нәтижесі ретінде ата-аналар ертенгіліктерге, шараларға, байқауларға, отбасылық түс қағаздар шығаруға, әртүрлі бағыттағы ұйымдастырылған көрмелерге, белсене араласып өздерінің барлық мүмкіндіктерін көрсетіп, ойларын ортаға салып отырды. Бөбекжайда педагог-психолог Аханова Ақмарал жыл бойы ата-аналармен жұмыс белсенді жүргізілді. Жаңадан келіп түскен балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне): "Баланы бөбекжайға бейімдеу", "Бөбекжайға алғаш рет бейімдеу", "Баламен алғаш рет бөбекжайға бара бастаған кезде ата-анамен өзін қалай ұстау керек", сондай-ақ жеке әңгімелесулер өткізілді: "Балаға бөбекжайға тез үйренуге қалай көмектесуге болады", "Балаларға арналған білім беру ойындары мен ойыншықтар", "Кішкентай баланың проблемалары" тәрбиешілер мен ата-аналардың өтініштері бойынша. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде болу үшін оң көзқарас деңгейін арттыру, бейімделу процесін жеңілдету бойынша ұсыныстар берілді.

Осылайша, бірлескен, үйлестірілген күш-жігердің арқасында балалардың топтарға бейімделуі сәтті өтті. Топта қолайлы эмоционалды-психологиялық климат сақталады, тәрбиешілер, балалар мен ата-аналар (занды өкілдер) арасындағы серіктестік қатынастар сақталады.

Жылдық жоспарға сәйкес «Күз сыйы», «Көңілді қысқы ойындар», «Қыс сұлулығы», «Қош келдің - Жана жыл» жаңа жылдық, «Көктем келді», «Ең үздік құстарға арналған жем сауыты»,

«Ғажайып қыс» атты қардан жасалған құрылыс байқауы, «Көңілді серуен» спорттық ойын-сауықатты ата-аналар арасындағы көрмелер ұйымдастырылды.

Республикалық «Осу нүктелері» құзыреттілік орталықтары», «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобаларын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшем шарттарының апробациясын өткізу бойынша өңірлік әдіскердің қатысуымен 3 айға жұмыс жоспарын тәрбиешілер Әдіскермен бірге жасады. «Достық» тобында тәрбиешілерінің күн тәртібі, заттық-кеңістіктік дамытушы орталары құрылды. 05-қазан күні апробация өткізілетін «Достық»тобының ата-аналарымен жиналысы болды. Бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева ата-аналарды жоба барысымен таныстырды. Қазан-желтоқсан айларында бағдарлама бойынша екі тәрбиеші жұмыс істейтінін, бұл тәрбиешілерге баланың қызығушылығын көбірек қолдауға, оған жеке көңіл бөлуге және үйлесімді дамуына жағдай жасауға мүмкіндік берілетіні айтылды. Ата-аналар өте жақсы қабылдады. Ойын аймақтарының анықтылығын, қолжетімділігін, қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып білім беру міндеттерін шешу үшін топтың безендірілуіне көңіл бөлуге иллюстрациялар, кестелер, оның ішінде балалардың қолымен жасалған заттарды, жеке жұмыстарын толықтыру бойынша кеңес берілді. Баланың дербес әрекеттеріне, ойын кезінде балалармен еркін диалог құру және оны қолдау, балаларды көбірек сөйлеуге, бір-бірімен сөйлесуге, балалардың өз ойын өздігінен іске асыру үшін кеңістікті жабдықтарын толықтырып мәселелерді шешуге жоспарлар құрылды.

Өткен оқу жылындағы жұмысты қорытындылай келе, ұжым алдына қойылған міндеттер оқу жылының басында негізінен орындалды деп айтуға болады, жоспарланған іс-шаралар өткізілді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының мақсаты мен міндеттері

1. «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.
2. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.
3. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдык, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.
4. Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
5. Ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

БЛОК 1

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту

2024-2025 оқу жылында біліктілік жетілдіру курстарынан өтетін педагогтар тізімі

№	Педагогтың Т.А.Ә.	Лауазымы	Соңғы курс мерзімі
1	Мырзахметова Айгерім	Тәрбиеші	ПШО 24.08.2021 ж Өрлеу 24.11.2023ж
2	Аширова Айман Қырықбайқызы	Тәрбиеші	ПШО 29.06.2021ж
3	Каринбаева Назерке Есенбайқызы	Тәрбиеші	ПШО 24.16.2020 ж Өрлеу 24.11.2023ж
4	Аханова Ақмарал Сейдуалықызы	Психолог	Өрлеу 24.11.2023ж
5	Серикбаева Назира	Тәрбиеші	Өрлеу 24.11.2023ж
6	Токбаев Керимбек Оманович	Саз жетекші	Өрлеу 24.11.2023ж
7	Қуттыбай Аида Нурланқызы	Әдіскер	ПШО 24.16.2020 ж Өрлеу 24.11.2023ж
8	Бестенова Ляззат Калаубековна	Тәрбиеші	Өрлеу 07.04.2024ж
9	Сулейманова Камилла Муллахмедовна	Тәрбиеші	Өрлеу 07.04.2024ж
10	Тұрлыбек Балжан Ережепқызы	Логопед	Шебер маман 06.06.204ж

1.2.Аттестаттауға дайындық және аттестаттау.

Аттестацияға қатысатын педагогтармен өткізілетін жұмыс жоспары.

Жүргізілетін жұмыс	
I кезең	Ұйымдастыру
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өтініш-аттестацияға қатысушының негіздемесі. 2. Педагогикалық іс-әрекетіне өздігінен талдау 3. Нормативті-құқылық құжаттарды меңгеру 4. Сауалнама 5. Жеке педагогикалық ізденіс бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарын бекіту.
II кезең	Аттестацияға қатысатын педагогтармен жұмыс жасау.
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жылдық перспективтік жоспарын тексеру 2. Күнгізбелік жоспарын тексеру 3. Ата-аналармен жұмыстар өткізген жоспарын тексеру 4. Күн тәртібінің бөлімдеріне қатысу, балалармен жұмыс жасау анализі. 5. Ашық шараларын өткізу. 6. Тәрбиешілердің әдістемелік ұжымына қатысуы (жұмыс тәжірибесінен хабарлама) 7. Семинарларға қатысуы 8. Шығармашылық микротоптарына қатысуы 9. Педкеңестерге қатысуы 10. Нәтижелерді бақылауы. Диагностика
III кезең	Аттестация.
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Нормативтік-құқылық құжаттары бойынша аттестацияға қатысушы педагогтармен әңгімелесу. 2. Аттестацияға қатысатын педагогтардың шығармашылық есебі. 3. Аттестация

2024-2025 оқу жылына

1.3.Педагогикалық кадрлардың өз білімін жетілдіру бойынша тақырыптар тізімі

№ р/с	Тобы	Педагогтар мен тәрбиешілердің аты-жөні	Тақырыптар
1	«Достық»	Сулейманова Камилла Муллахмедовна	«Неліктеуші клубы»
		Аширова Айман Қырықбайқызы	«Дәстүрден тыс бейнелеу өнері
2	«Аққанат»	Мырзахметова Айгерім	"4-5жас аралығындағы балалардың сөйлеуін дамытудағы халық ауыз шығармашылығының әсері "
		Куттыбай Аида Нурланқызы	«Дидактикалық ойын мектепке дейінгі балаларды оқытудағы маңызды құрал»
3	«Балапан»	Каринбаева Назерке Есенбайқызы	«Қызықты логика»
		Асильбекова Гулзинат	«Дидактикалық ойын арқылы баланың тілін дамыту»
4	«Сұңқар»	Серикбаева Назира	«Баланың тілін ұсақ қол моторикасы арқылы дамыту»
		Бестенова Ляззат Калаубековна	«Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту»
5	Музыкалық жетекші	Токбаев Керимбек Оманович	«Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың музыкалық сезімдерін ояту»

6	Логопед Педагог- психолог	Аханова Ақмарал Сейдуалықызы Тұрлыбек Балжан	«Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда ертегі терапиясының маңызы»
---	---------------------------------	--	---

БЛОК 2

Педагогикалық-ұйымдастырушылық-жұмыс

2.1. Шығармашылық топтардың жұмысы

№	Ұйымдастыру жұмысы	Өтілу түрлері	мерзімі	жауаптылар
1	Шығармашылық тобын анықтау, жоспарын бекіту Жауапты тұлғаларды анықтау, бұйрық шығару	жиналыс	қыркүйек	Менгеруші, Әдіскер, педагогтар
2	«Жасанды интеллект технологиялары балалар дамуы үшін қалай әсер ете алады?»	кеңес	қыркүйек	Әдіскер, педагогтар
3	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру, ойын кеңістігін қызығушылық орталықтары бойынша аймақтарға бөлу. Кеңес	шебер сынып	қыркүйек	Әдіскер, педагогтар
4	«Жасанды интеллект технологиялары» Шебер қолдар	шебер сынып	қазан	Менгеруші, Әдіскер, педагогтар
5	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды ойындар арқылы дамыту/асық, бестемше т.б Шебер қолдар	шебер сынып	қараша желтоқсан	Менгеруші, Әдіскер, педагогтар
6	«Инновациялық технологиялар алаңы». Шебер қолдар	шебер сынып	Қаңтар, ақпан	Менгеруші, Әдіскер, педагогтар
7	"Балалардың музыкалық шығармашылықтарын дамытатын ойындар"	шебер сынып	наурыз	Менгеруші, Әдіскер, педагогтар
8	Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының арналған ойын ұйымдастыру. атқаруға алаңын Шебер қолдар	шеберлік сынып	Сәуір-мамыр	Менгеруші, Әдіскер, Педагогтар, тәрбиешілер

2.2. Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	<p>№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары» Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»</p> <p>1. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту 3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: - жылдық мақсат пен міндеттерді; - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; - перспективалық жұмыс жоспарлары; - күн тәртібі кестесін бекіту 4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту. 5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі</p>	қыркүйек	<p>Меңгеруші, Әдіскер</p> <p>Медбике</p>
II	<p>№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру» Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру</p> <p>Дөңгелек үстел</p> <p>1. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» тәрбиеші Аширова Айман. 2. Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс. Логопед: Тұрлыбек Балжан. 3. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі. Тәрбиеші: Бестенова Л. 4. Тренинг. Педагог-психолог</p> <p>№ 1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p>	қараша	<p>Әдіскер Логопед Педагог-психолог</p>
III	<p>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»</p> <p>1. «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Каринбаева Л. 2. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Асильбекова Г.</p>	ақпан	<p>Меңгеруші, топ тәрбиешісі</p>

	3. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Мырзахметова А. 4. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Серикбаева Н. № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.		
IV	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері» 1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіскер: Қуттыбай А.Н. 2. Экологиялық мерекелер. Тәрбиеші: Сулейманова Камилла 3. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Тәрбиеші: Бестенова Л 4. 5. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: Аширова А № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.	наурыз	Меңгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілері
V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі» Мақсаты: МДМ де барлық іс – әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жеке ісін қорытындылау, тәрбие – білім Өткізу түрі: педагогикалық идеялар жәрмеңкесі. 1 № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы. 2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмысының есебі. 3. 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика). 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.	мамыр	Меңгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілер Әдіскер медбике

2.3. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату.

Мобильді топтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Ай	Жүзеге асыру формасы	Отырыс тақырыптары	Мақсаты	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Қатысушылар
1.	қыркүйек	Дөңгелек үстел	Оқу жылының жұмыс жоспарын талқылау.	Бақылау мектепке дейінгі ұйымын анықтау, ұйымның төлқұжатын жасау, жауапты тұлғаны анықтау, жоспар құру	1. МТ қатысушыларының шығармашылық әлеуетін анықтау (сауалнама). 2. Мамандарды бір ұжымға біріктіру.	МТ	МТ

2.	қазан	Қашықтықтан	Балалар бөбекжайға келетін кеңістікті ұйымдастыру бойынша кеңес беру	Көрнекі түрде аумақты, құзырет орталықтарына бөлінген топтарды, заттық-дамыту ортасын, материалдар мен жабдықтарды және т.б. көрсету	1. Слайд презентациялар, фотосуреттер, видеолар 2. Сұрақ-жауап	МТ	МТ, бүкіл аудан МДҰ
3.	қараша	Педагогтерге арналған ашық есік күні	Құзыреттілік орталықтары	Құзіреттілік орталықтарында күндізгі жұмысты жан-жақты түсіндіріп, көрсету	1. Бақылау МДҰ («Жансая» бөбекжайы) күндізгі уақытта кез келген ұйымдастырушылық сәтке қатысу	МТ	МТ, бүкіл аудан МДҰ
4.	Желтоқсан	Қашықтықтан	Сұрақ-жауап	Мобильді топтың жеткен жетістіктері мен мәселелерін атқарылған жұмыстар негізінде нақтылау.	1. Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, олардың құзырет орталықтарын өз жұмысына қалай енгізгені, не ұнады, қандай қиындықтар болғанын талқылау.	МТ	МТ, бүкіл аудан МДҰ
5.	қаңтар	Дөңгелек үстел	Семинарға дайындық	Семинар тақырыбын, мақсатын, міндеттерін талқылау. Жауапты қатысушыларды анықтау	1. Семинар бағдарламасын құрастыру	МТ	МТ
6.	ақпан	Семинар-практикум			1. Құзіреттілік орталықтарында, кабинеттерде, дәліздерде әр топтармен шебер сыныптар. 2. Бөбекжайға экскурсия 3. Сұрақ-жауап	МТ, «Жұлдыз» бөбекжайы	МТ, бүкіл аудан МДҰ
7.	Наурыз сәуір	Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарына бару		Құзыретті орталықтардың жұмысы мен ұйымдастырылуына қатысты кеңес беру және көмек көрсету	1. Әр бөбекжайда атқарылған жұмыстарға талдау жасау 2. Қателер бойынша жұмыс 3. Мәселелерді жою үшін жалпы шешімдер қабылдау (егер олар туындаса)	МТ	МТ

8.	мамыр	Дөңгелек үстел	Өткен оқу жылының қорытындысын шығару			МТ	МТ
----	-------	----------------	---------------------------------------	--	--	----	----

2.4. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру.

№	дамытушы ортаны ұйымдастыру жұмысының бағыттары	мерзімі	жауаптылар
1	Жалпы топтарда заттық-кеңістік ортаны толықтыру/	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілер
2	Кабинеттерде білім беру әлеуетін арттыру	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілер
3	Дәліздерді жабдықтау	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілер
4	Эксперимент жасауға жабдықтарды толықтыру	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілер
5	Ойын алаңдарын	үнемі	Әдіскер, топ тәрбиешілер

2.5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау.

№	Ұйымдастыру жұмысының бағыттары	мерзімі	жауаптылар
1	Диагностика Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу кұрастыру, Ойын іс-әрекеті Еңбек қызметі Серуендеу Шынығу Жеке-түзету қызметі Отбасымен жұмыс	Жыл бойы	Тәрбиеші
2	Диагностика Эмоционалды-еріктік саланы дамыту Музыка терапиясы, ертегі терапиясы, сурет салу терапия Құм терапиясы Жеке-түзету жұмыстары Ойын іс-әрекеті Отбасымен жұмыс	қараша	Педагог-психолог
3	Диагностика Дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру Артикуляциялық гимнастика Лексика-грамматикалық категориялардың қалыптасуы. Байланысты сөйлеуді дамыту Сауаттылыққа үйрету Жеке түзету сабақтары, оның ішінде логоритмика элементтерімен Ойын іс-әрекеті Отбасымен жұмыс	қаңтар	Логопед
4	Диагностика Музыкалық іс-әрекет Үйірме Жеке түзету сабақтары, оның ішінде логоритмика элементтерімен Мерекелер, ойын-сауық, бос уақыт Ойын іс-әрекеті Отбасымен жұмыс	ақпан	Музыка жетекшілері

5	Диагностика Таңғы жаттығу Дене шынықтыру іс-әрекеті Ойын-сауық, бос уақыт Жеке түзету жұмыстары Ойын әрекеті Отбасымен жұмыс	сәуір	Дене шынықтыру нұсқаушысы
6	Диагностика Профилактикалық жұмыс Отбасымен жұмыс	Жыл бойы	Медбике

2.6. Конкурстарды ұйымдастыру жұмысының бағыттары

№	Атаулары	мерзімі	жауаптылар
1	Республикалық және халықаралық олимпиадалар	үнемі	Әдіскер, тәрбиешілер
2	Ғылыми жобалар, жарыстар	үнемі	Әдіскер, тәрбиешілер
3	Кәсіби шеберлік конкурстар		Әдіскер, тәрбиешілер
4	Спорттық жарыстар	үнемі	Әдіскер, тәрбиешілер

2.7. Семинарлар, практикумдар, консультациялар, шеберлік сыныптары және басқа да әдістемелік жұмыс түрлері

№	Мерзімі	Семинар тақырыбы	Жұмыс түрі	Жауаптылар
1	қыркүйек	1. Ата-аналар жиналысының құрылымы 2. Заттық дамытушы орта	Семинар-практикум	Әдіскер, Тәрбиешілер
2	қазан	"Логопедиялық ассорти" (бөбекжайда түзету-логопедиялық жұмысты ұйымдастыру)	Семинар-практикумы.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед
3	қазан	«Бөбекжайдағы оқу үрдісіне кірктірілген логопедиялық әдіс-тәсілдерді енгізу»	Семинар-практикум	Әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер
4	қазан	«Сөйлеуді дамыту құралы ретінде ұсақ қол мотрикасын дамыту	Шебер сынып	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
5	қараша	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды ойындар арқылы дамыту/асық, бестемше т.б	теория – 10 мин. практика – 40 мин.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
6	желтоқсан	«Мектеп жасына дейінгі балаларды жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту»	кеңес.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
7	қаңтар	Этнопедагогика элементтерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қатынастарын дамыту.	теория – 10 мин. практика – 40 мин.	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
8	ақпан	Ұзақ мерзімді семинар-практикум «Бөбекжайдың білім беру кеңістігінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» Мақсаты: тәрбиелеу-білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық	шеберлік сыныптары	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер

		технологияларды және осы саладағы шығармашылық жұмыстарды енгізу. «Математикалық негіздер» құзыреттілік бойынша балалармен жұмыста АКТ қолдану» «Сурет салу» құзыреттілік бойынша балалармен жұмыста АКТ қолдану» «Сауат ашу негіздері» құзыреттілік бойынша балалармен жұмыста АКТ қолдану» «Сөйлемді дамыту» құзыреттілік бойынша балалармен жұмыста АКТ қолдану»		
9	наурыз	«Театр қызметі жүйесіндегі балалардың әлеуметтік-эмоциялық дамуы»	кеңес	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
10	сәуір	«Сюжеттік-рөлдік ойын мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын көбейту тәсілі»	кеңес	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер
11	мамыр	Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқаруға арналған ойын алаңын ұйымдастыру	шеберлік сыныптары	Әдіскер, Педагог-психолг, логопед, педагогтар, тәрбиешілер

2.8. Жас мамандармен жұмыс

Тақырыбы: «Бүгінгі жас маман-ертеңгі шебер ұстаз»

Мақсаты: Инновациялық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру барысында жас ұстаздарға жан-жақты көмек көрсету.

Міндеті:

1. Жас маманның кәсіби шеберлігін арттыру.
2. Жас маманды шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету.
3. Жас маманның өз білімін үнемі тереңдетіп отыруын бақылау.

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: Жас мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін, ақпараттық сауаттылығы мен шығармашылық инновациялық әдістер мен тәсілдер қолдануда көмек көрсету.

№	Тақырыбы	Жауапты	Мерзімі
1	Жас тәрбиешілерді тәжірибелі педагогтарға бекіту Серикбаева Назира	Әдіскер	қыркүйек
2	«Педагогтың әдептілігін анықтау» тренинг, сауалнама, қорытындылап психологиялық көмек беру	Әдіскер, тәлімгер, Психолог	Жылбойы
3	Әдістемелік оқулықтармен таныстыру.	Әдіскер	Қыркүйек
4	Мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын нормативтік заңды құжаттармен таныстыру.	Әдіскер	Қыркүйек
5	Жас мамандарға газет- журналдарға және ұстаз сайттарына оқу қызметтерін жүктеп жариялауды үйрету.	Әдіскер	Жыл бойы
6	Педагог портфолиосын таныстыру	Әдіскер	қазан
7	Дөңгелек үстел: «Циклограмма бойынша педагогтардың сапалы жұмысын ұйымдастыру»	Әдіскер	Жыл бойы

8	«Баланың білікті дамуын бағалау жүйесі біліктілікті дамытудың үш шартты деңгейінің бар болуын болжайды» тәрбиешілерге кеңес.	Әдіскер	Жыл бойы
9	Конференция: «Менің маман ретінде жеткен жетістіктерім»	Әдіскер	Қыркүйек, қаңтар, мамыр
10	Жас мамандардың үіә –не қатысу, әдістемелік көмек беру	Әдіскер, Жас мамандар	Ақпан
11	«Салауатты –өмір салты»- дене шынықтыру жетекшісінің ертеңгілік жаттығу туралы кеңесі.	Әдіскер, тәлімгер	Жыл бойы
12	«Ас-адамның арқауы»-ас. (кабылдау, ас мәзірі, тамақтану кезінде өзін-өзі ұстауы.) Серуеннің негізгі бөлімдерін жүзеге асыру туралы кеңес.	Әдіскер, тәлімгер, тәрбиешілер	қазан
13	Ойын картотекаларын, серуен картотекаларын құрастыруды үйрету.	әдіскер	Қазан
14	Сергіту жаттығулары, табиғат бұрышында жұмыстану туралы	Әдіскер, тәлімгер	Жыл бойы
15	Сюжетті-ролдік ойынды ұйымдастыру әдістемесі, күннің II-жартысы	әдіскер	қараша
16	Мектеп жасына дейінгі балаларды жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту	Әдіскер, тәлімгер	Жыл бойы
17	Шебер қолдар Лэпбук жасау	Әдіскер, жас мамандар	қараша
18	Ата – аналармен жұмыс істеу түрлерін, оны ұйымдастыра білуді үйрету.	Әдіскер, психолог, тәлімгер	Жыл бойы
19	Жалпы қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау және балалар білімін жүйелендіру	Жас мамандар	Мамыр
20	Жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, қауіпсіздік ережесін сақтау жолдары	әдіскер	мамыр

2.9. Ашық есік күні

Міндеті: Ұйымдастырылған іс әрекетін меңгеруге, біліктілік пен дағдыларды игеруге алған білімді тәжірибеде қолдану.

№ 2 педагогикалық кеңеске ашық көріністер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қараша	Мектепалды даярлақ топтарының тәрбиешілері
2	Серуен кіріктірген ұйымдастырылған іс-әрекеттер	қараша	Ортаңғы топ тәрбиешілері
3	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қараша	Ересектер тобының тәрбиешілері
4	Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет.	қазан	Барлық топтар дене шынықтыру нұсқаушылары
5	Ұйымдастырылған іс-әрекет	қараша	Музыка жетекшілері
6	Ұйымдастырылған іс-әрекет	қазан	Логопед мұғалімдері

№ 3 педагогикалық кеңеске ашық көріністер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата-ананың алақаны - балаға саялы бақ (тренинг)	қаңтар	Психолог-педагог
2	«Үйдегі логопед» үйде сөйлеуді түзету	қаңтар	логопед
3	«Менің отбасым» ток-шоу «әкелер мектебі» шебер қолдар	қаңтар 2-3 апта	Орта, ересек, мектепалды топ тәрбиешілері
4	«Игі істер күндері» «Аналар мектебі»	қаңтар 2-3 апта	Орта, ересек, мектепалды топ тәрбиешілері
5	«Әке, анам және мен» спорттық сайыс	қаңтар 2-3 апта	Орта, ересек, мектепалды топ тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушылары

№ 4 педагогикалық кеңеске ашық көріністер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	"Гүл мен топырақ"	сәуір	Ортаңғы топ
2	"Көлік түрлері"	сәуір	Ортаңғы топ
3	«Білім мен парасат әлемі»	сәуір	мектепалды даярлақ тобы
7	«Өнегелі шаңырақ»	сәуір	ересектер тобы

2.10. Инновациялық қызмет

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Жобалар бойынша жұмыс	Жыл бойы	Меңгеруші, ин.т.әдіскер
2	Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интеллект технологиялары	Жыл бойы	Әдіскер
3	Мнемотехника әдістерін ұйымдастырылған іс әрекетте қолдану	ақпан	Әдіскер
4	МДҰ экологиялық мәдениетті қалыптастыру	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, қаз.тілі мұғалімі
5	«Ерекше білім қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыруда дәстүрлі және дәстүрлі емес денсаулық сақтау технологияларын қолдану» инновациялық жобасын жүзеге асыру.	сәуір	әдіскер, логопед, педагогтер, денешынықтыру нұсқаушылары

2.11. Эксперименттік әрекетке қатысу

№	тақырыптар	мерзімі	жауаптылар
1	1. Жаңа стандарт талаптарына сай, бағдарламаны негізге ала отырып жоспар құру. 2. кабинет ашылуы	қыркүйек	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
2	1. Өлшеуіш заттар. 2. Ауаның қасиеттері 3. Ауасыз өмір жоқ 4. Әуе шарымен саяхат	Қыркүйек	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
3	1. Күпиясы көп заттар 2. Күмның сиқыры 3. Жел қайдан пайда болады? 4. Қырсық заттар	қазан	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
4	1. Тартылыс күші 2. Аралдар қайдан алынды? 3. Күн бізге жылы мен жарық сыйлайды 4. Сиқырлы шынылар	қараша	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

5	1.Балалар зертханасына саяхат 2.Су- өмірдің нәрі 3.Су құбылыстары 4.Су сиқыры	желтоқсан	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
6	1.Тамшылар саяхаты 2.Жанартаудың атқылауы қалай? 3.Сабын көпіршіктерден жасаймыз 4.Ғажайып тастар	қаңтар	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
7	1.Күпия жазбалар 2.Дыбысты қаттырақ қалай шығарамыз? 3.Магнит 4.«Дірілдеу» және «Гүілдеу»	ақпан	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
8	1.Найзағай деген не? 2.Шам неге жанады? 3.Электр театры 4.Кемпіркосақ аспанда	наурыз	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
9	1.Гүл отырғызу 2.Табиғат тамашасы 3.Табиғат білгіштері 4.Қызықты фокустар	сәуір	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер
10	1.Кеме саяхат үшін 2.Сиқырлы қағаз 3.Күшті газеттер 4. Достық бояулар	мамыр	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

2.12. Әдістемелік кабинеттің жұмысын ұйымдастыру

Міндеті: Мектепке дейінгі шағын орталығындағы іс әрекеттерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуын стандарт талаптарына сай жүзеге асыру

Жұмыс мазмұны, бағыты	Мерзімі	Жауапты
Педагогикалық процесті жабдықтау, ұйымдастыру		
Жаңа стандарт талаптарына сай, бағдарламаны негізге ала отырып перспективтік жоспар құру	қыркүйек	әдіскер, тәрбиешілер
Балаларға ертегі айтуды, жаттауға арналған поэтикалық материалды, балалар жазушылары мен иллюстраторларының шығармашылығы бойынша тақырыптық материалдарды айтуға үйрететін материалды толықтыру.	Қараша	Әдіскер
Білім беру бағдарламаларын орындау үшін қажетті оқу жабдықтарымен, оқу-әдістемелік құралдармен жасақталуы;	қыркүйек	Әдіскер
Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарына жоспарды бекіту-курстардан өту – аудандық деңгейдегі семинарларға, МҰ-ға қатысу	қыркүйек	Әдіскер
Жалпы педагогтардың сандық және сапалық құрамын анықтау(саты бойынша)	қыркүйек	Әдіскер
«Тәрбие-білім беру жұмысын жоспарлаудың жаңа түрлері» атты кеңес	қыркүйек	Әдіскер
2024-2025 оқу жылына балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторын жасау	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Әдіскер, психолог, тәрбие шілер
Жаңа оқу жылына оқу жұмыс жоспарын, апталық оқу іс әрекет жүктемесінің кестесін құру	тамыз	Әдіскер
Тәрбиешілердің іс әрекеттерін, білімділік, білік, шеберлік деңгейінің мониторингін жасау	қазан	Әдіскер, психолог
Әдіскер бұрышын толықтыру, жанарту	оқу жылы барысында	Әдіскер
Оқу құралдарын, көрнекіліктерді толықтыру	оқу жылы барысында	меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

Әдістемелік жаңалықтармен танысу	оқу жылы барысында	менгеруші, Әдіскер
Бөбекжайда өткізілген іс шаралар туралы аудандық білім беру бөліміне есеп беру	тоқсан сайын	Әдіскер
Айлық жоспардың орындалуына менгеруші жанындағы кеңесте есеп беру	ай сайын	Әдіскер
Көрнекі құралдардың картотекасын тақырып бойынша толықтыру: «Адамгершілік-патриоттық тәрбие. Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша материалдарды жүйелеу және жанарту	Желтоқсан	Әдіскер
Тамыз конференциясына дайындық	шілде	менгеруші, Әдіскер
Тәрбиешілердің құжаттарын тексеру	тоқсан сайын	менгеруші, Әдіскер
Балалардың күнделікті өмірін ұйымдастыру циклограммасы мен ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарларын тексеру	апта сайын	Әдіскер, тәрбиешілер
Психологпен біріге отырып индикатор жүргізу	I, II жартыжылдық бойынша	Әдіскер, психолог
Ертеңгіліктердің өтілуіне талдау	кестеге сәйкес	менгеруші, Әдіскер
Экскурсияны ұйымдастыру - мектепке - мұражайға - алаңға - аудандық кітапханаға - дүкендерге	кестеге сәйкес	менгеруші, Әдіскер
Педагогтар арасындағы сайыс: «Керемет топ – 2025 жыл» байқау «Жас маман – 2025 жыл» байқауы «Жыл тәрбиешісі – 2025 жыл» байқауы	сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
Тәрбиешілердің жұмыстарын, конспектілерін газет журналдарға басылымдарға жіберу		менгеруші, Әдіскер
Балалардың салған суреттерін дәлізге ілу	тақырыпқа байланысты	Әдіскер

Әдістемелік кеңестер

№	Тақырыптары	Мерзімі Қыркүйек	Жауапты Әдіскер
